



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№4 (2007) 26 ҚАҢТАР 2026 ЖЫЛ

Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Астана қаласында өткен Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның отырысына қатысты.

Комиссияға Конституциялық соттың төрағасы Эльвира Азимова жетекшілік етеді. Төрағаның орынбасарлары

– Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин мен премьер-министрдің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева.

Комиссия құрамына Парламент депутаттары, мәслихаттар төрағалары, БАҚ өкілдері, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік органдардың, өңірлердегі қоғамдық кеңестер мен ғылыми қоғамдастық өкілдері, сарапшылар кірді.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ



Ректор V Ұлттық құрылтайға ҚАТЫСТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысына қатысты.

Президент мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту, қоғамдық институттардың рөлін күшейту және ұлттық құндылықтарды сақтау мәселелеріне ерекше назар аударды. Сонымен қатар Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында тарихи мұраны сақтап, оны терең зерделеуге жол ашылатынын атап өтті.

Сондай-ақ ҚазҰУ басшысы V Ұлттық құрылтайдың «Білім және ғылым» секциясы отырысына қатысып, ғылымның дамуы мен жоғары білімнің болашағы жөнінде пікір білдірді. Ректор өз сөзінде университеттік ғылымның дамуына, оның ішінде жасанды интеллект дәуіріндегі суперкомпьютер мүмкіндіктеріне ерекше тоқталды. Ректор суперкомпьютердің ғылыми егемендіктің, инновациялық зерттеулердің өзегі болып отырғанын назар аударды. Сонымен қатар Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында тарихи мұраны сақтап, оны терең зерделеуге жол ашылатынын атап өтті.

да студенттер мен жас ғалымдардың өз жобаларын жүзеге асыруына жол ашқанын жеткізді.

«Білім және ғылым» секциясының жұмысы барысында Қазақстандағы ғылым мен білім беру жүйесін дамыту, білім сапасын арттыру және оқу процесін жаңғырту, инновациялық технологияларды енгізу, ғылыми зерттеулерді дамыту мәселелері қаралды. Талқылауға еліміздің жоғары оқу орындарының өкілдері, ғалымдар мен сарапшылар, мемлекеттік және білім беру ұйымдарының өкілдері қатысты.

Нұрсұлтан
ЖЕКСЕНБАЕВ

Біліктілікті арттыру жолдары айқындалды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Аймақтық басқару кадрларының құзыреттерін қалыптастыру» тақырыбында Оқу-әдістемелік бірлестігінің (ОӘБ) мәжілісі өтті.

Жиын жұмысына Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары Әлібек Ахмедияр, агенттіктің Мемлекеттік қыз-

метті өткеру департаментінің директоры Роза Мұратқызы, «AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Қаринова және өзге де белгілі сарапшылар, мемлекеттік қызметкерлер қатысты.

Отырысты Әл-Фараби атын-

дағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашты. Университет басшысы шараның Ұлттық құрылтайдан кейінгі өтіп жатқан алғашқы жиналыстардың бірі екенін атап өтіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлемдік қауымдастықта лайықты орнымызды алу үшін басқару жүйесін жетілдіруді алға қойғанын жеткізді. Сонымен қатар ректор басқарушы кадрларды даярлауда жоғары



білім беру жүйесінің маңызына тоқталды.

Вице-министр Гүлзат Көбенова Оқу-әдістемелік бірлестік алаңында кадрларды даярлау-

ға қатысты өзекті мәселелерді талқылау үшін барлық мүдделі тараптар жиналғанын атап өтті.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

2-бет

Абайдың
180 жылдығы
қорытындыланды



3-бет

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:
Саяси жүйені
дамытуға
бағытталған
стратегиялық
бастама



5-бет

Маржан СҰЛТАНҒАЗИНА:
Ғылыми мақала
жазудағы
белсенділік –
командалық
жұмыстың нәтижесі



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұлы Абайдың 180 жылдығына орай ұйымдастырылған іс-шаралардың қорытындысын талқылауға арналған Ғылыми кеңес отырысы өтті.

Жиынға ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова, оқу-ағарту вице-министрі Шынар Ақпарова, ҚР Президенті Әкімшілігі ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі Ғалымжан Махан, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов, Алматы облысы әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев, ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, сондай-ақ Оқу-ағарту министрлігінің, Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілдері, әр өңірден келген ішкі саясат басқармасының басшылары, мемлекет және қоғам қайраткерлері мен ғалымдар қатысты.

Жиынды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашып, оқу ордасында Абайдың 180 жылдығына орай өткен ғылыми, мәдени және ағартушылық іс-шаралардың қорытындысы туралы ақпарат берді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Абай ілімі біздің ұлттық бірегейлігіміздің, ұлттық болмысымыздың өзегі болуға тиіс. Біз Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізуіміз керек», – деп атап өтті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Абайдың кісілік кодексі» және «Абай ілімі» оқу пәндері әзірленіп, білім беру процесіне енгізілді. Университет ғалымдары әзірлеген «Абайдың кісілік кодексі» оқу корпустары мен жатақханаларға ілінді. Бұл ауқымды бастаманы басқа ЖОО-лар мен мектептерде жүзеге асыруды ұсынамыз.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Азаматтық қоғамның саяси мәдениетінің эволюциясы, трендтері мен перспективалары: қазақстандық және шетелдік тәжірибе» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Ауқымды шараны университет ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті және Қазақстандық гуманитарлық-саяси конъюнктура орталығымен бірлесе ұйымдастырды.

Шара көрнекті ғалым, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор Есенжол Әлияровтың 70 жылдық мерейтойына арналды. Конфе-

Абайдың 180 жылдығы қорытындыланды



«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымының 1-50 томдары, «Абайтану антологиясы» сериялық басылымының 1-10 томдары жарық көрді, сондай-ақ «Абайтану антологиясы» атты цифрлық форматтағы интеллектуалдық электрондық ресурстар базасы қалыптастырылды. Аталған жұмыстарды ҚазҰУ базасындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары жүзеге асырды», – деді ректор.

Ғылыми кеңес отырысында ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова: «Қазіргі таңда еліміздегі 127 жоғары оқу орнында 727 мыңнан астам студент білім алуда. Университеттің ең бірінші мақсаты – азаматты қалыптастыру, Абайдың философиясына сәйкес, «толық адамды» тәрбиелеу. Мектеп қабырғасында оқушының бойында адал азаматтың принциптері қалыптасады. Ал университетке түсіп, қолына заңды дипломын алған кезде толық адам болып, үлкен өмірге қадам басады. Осы тұрғыда Абайдың философиясы өте маңызды», – деді.

Өз кезегінде оқу-ағарту вице-

министрі Шынар Ақпарова Абай шығармашылығын қазіргі заман талаптарына сай зерделеу, оның философиялық, этикалық және қоғамдық ойларын білім беру үдерісіне енгізу мәселелеріне ерекше тоқталды.

ҚР Президенті Әкімшілігі ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі Ғалымжан Махан ҚазҰУ базасында дайындалған «Абайдың кісілік кодексінде» ойшылдың терең мазмұнды сөздері жинақталғанын атап өтіп, шараның маңыздылығына тоқталды.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов Абайдың жауапкершілік, еңбек адамы туралы ой-толғамдары әділетті Қазақстан тұжырымдамасымен толық үндесетінін жеткізді.

Шарада Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, ғалым Жанғара Дәдебаев сөз сөйлеп, институттың атқарған жұмыс нәтижелерін таныстырды.

Ғылыми кеңес мүшелері мен арнайы шақырылған өкілдер Абай мұрасын заманауи қоғамдық санада жаңғыртудың өзектілігіне тоқталып, нақты ұсыныстарын ортаға салды.

Сонымен қатар Абайдың кісілік кодексі мен Абай ілімі Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары мен құндылықтарын іске асырудың инновациялық құралы ретінде айқындалып, оларды білім берудің барлық деңгейінде, мәдени-ағартушылық және қоғамдық кеңістіктерде кеңінен пайдалану жөнінде уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы билікке ұсыныстар жолданды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында өңір басшысы Нұрлыбек Нәлібаевпен кездесті.

Қызылорда облысымен стратегиялық әріптестік кеңейеді



Кездесу барысында тараптар аймаққа қажетті білікті кадрларды бірлесіп даярлау, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және жоғары оқу орны мен өңір арасындағы өзара тиімді серіктестікті дамыту мәселелерін талқылады. Әсіресе ғылым мен білімді өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағыттау бағытындағы бастамаларға ерекше назар аударылды.

Оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың соңғы жетістіктері жөнінде ақпарат беріп, оқу ордасының даму жоспарын таныстырды. Өз сөзінде ректор университет ғалымдары Қызылорда аумағында түрлі бағытта, соның ішінде Арал теңізі

мәселесіне қатысты көшенді ғылыми зерттеулер жүргізіп жатқанын жеткізді.

Қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қызылордадан келген 1229 студент білім алады. Бұған қосымша, өңірден шыққан 42 маман түрлі жауапты қызмет атқарады.

Жүздесу барысында Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев білім беру, денсаулық сақтау, мемлекеттік қызмет және кәсіпкерлік салаларында табысты еңбек етіп, аймақтың тұрақты дамуына елеулі үлес қосып жүргенін атап өтті.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Азаматтық қоғам институттарының дамуы талқыланды

ренция жұмысы Қазақстанның 1980-2020 жылдар аралығындағы әлеуметтік-саяси трансформациясы, демократияландыру мәселелері, азаматтық қоғам институттарының дамуын және жаңа Қазақстан (әділетті Қазақстан) идеялары аясында «Әділетті мемлекет» тұжырымдамасының қалыптасуын жан-жақты талқылауға арналды.

Конференцияның салтанатты ашылуында ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтау хаты оқылды.

Мерейтой иесінің еңбегін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор



Жансейіт Түймебаев та өз сөзінде жоғары бағалап, Есенжол Қаниұлына көпжылдық жемісті

еңбегі мен саяси ғылымды, жоғары білімді және Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойды

дамытуға қосқан зор үлесі үшін алғысын білдіріп, ғалымға Әл-Фараби атындағы алтын медаль табыс етті. «Сіздің өмірлік және кәсіби жолыңыз ғылымға, мемлекетке және қоғамға адал қызмет етудің жарқын үлгісі. Сіз өзіңізді жоғары білікті маман, дарынды ұйымдастырушы, қадірлі ұстаз әрі беделді қоғам қайраткері ретінде таныттыңыз», – деп атап өтті университет басшысы.

Конференция жұмысына Грузия, Ресей, Тәжікстан және Түркия елдерінен келген жетекші отандық және шетелдік ғалымдар қатысты.

Әйгерім ӘЛІМБЕК



www.akorda.kz

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

Саяси жүйені дамытуға бағытталған стратегиялық бастама

Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мемлекеттік институттарды жетілдіруге, Парламент жұмысының тиімділігін арттыруға және елдің саяси жүйесін дамытуға бағытталған стратегиялық бастамаларды ұсынды.

Бұған дейін өткізілген пікірталастар парламенттік реформаның және конституциялық өзгерістердің өзекті екенін, олар басқару механизмдерін нығайтып, азаматтардың мемлекеттік органдарға сенімін арттырудың негізгі факторлары екенін көрсетті.

Елімізде жүргізіліп жатқан парламенттік реформа мен Конституцияға сәйкес өзгерістер заң шығару өкілетін жүзеге асыратын жоғары өкілдік органның қызметі тиімділігін арттыруға және мемлекеттік механизмдерді жетілдіруге бағытталған.

Біріншіден, бір палаталы Парламентке көшу заң шығару қызметін ұйымдастыруда елеулі өзгерістерді қажет етеді. Қазіргі қоғамның тез дамуы және цифрландыру мен технологиялық прогреске байланысты жаңа әлеуметтік қатынастардың пайда болу жағдайында мемлекет болып жатқан өзгерістерге жылдам жауап беруі тиіс. Бұл заңдардың әзірлеу және қабылдау арқылы жүзеге асады, себебі олар қолданыстағы заңнама жүйесінің негізін құрайды. Сонымен қатар қазіргі әлемде дағдарыстық және тұрақсыз жағдайлар жиі туындайды, олар жоғары өкілдік орган тарапынан уақтылы және адекватты саяси-құқықтық бағалауды қажет етеді. Осыған байланысты заң шығару процесін жеделдету мен жеңілдету, бюджеттік шығындарды азайту, Парламент қызметінің ашықтығы мен көрнекілігін арттыру ерекше өзектілікке ие.

Екіншіден, Парламенттің толық пропорционалды сайлау жүйесіне көшу халықтың кең әлеуметтік топтарын саяси өмірге тартуға мүмкіндік береді, бұл азаматтардың саяси партияларға кіруі арқылы жүзеге асады. Бұл өз кезегінде қоғамдағы құқықтық және саяси мәдениеттің деңгейіне оң әсерін тигізеді. Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, саяси партиялар азаматтарды саяси мобилизациялаудың негізгі институты болып табылады және мемлекет билігіне нақты ықпал ету механизмдеріне ие. Партиялық қызмет мектебінен өткен депутаттар әдетте қажетті кәсіби біліктілікке, саяси белсенділікке ие болып, азаматтардың көпшілігінің мүдделерін қорғай алады.

Үшіншіден, шетелдік тәжірибе бір палаталы Парламентке көшу заманауи



www.akorda.kz

халықаралық үрдістерге сәйкес келетінін көрсетеді. Мұндай модельді әлем мемлекеттері қолданып отыр. Мысалы, бір палаталы парламенттер Швецияда, Данияда, Израильде, Жаңа Зеландияда және бірнеше басқа елдерде жұмыс істейді. Әдетте мұндай Парламенттер заңдарды қабылдау жылдамдығы жоғары болуымен ерекшеленеді, себебі талқылау және келіскен шешім қабылдау процедурасы бір заң шығару органында шоғырланған. Бұл бюрократиялық кедергілерді азайтып, қоғамның өзекті сұраныстарына жылдам жауап беруге мүмкіндік береді. Алайда Парламенттің тиімділігі тек оның құрылымымен ғана емес, ішкі процедуралары, депутаттардың тәуелсіздігі, биліктің бөлінуі және жалпы саяси мәдениет деңгейімен де анықталады. Сонымен қатар бір палаталы Парламентке көшу Қазақстан Республикасының унитарлық құрылымына әлдеқайда сәйкес келеді.

Төртіншіден, Қазақстанда парламенттік реформаны жүзеге асыруға қажетті құқықтық негіз жасалған. Атап айтқанда парламенттік оппозицияға қатысты нормалар бекітілген және саяси партиялардың Парламентке өту үшін сайлау шегі 5 пайызға төмендетілген. Бұл шаралар саяси бәсекелестікті күшейтуге, көппартиялық жүйені дамытуға бағытталған және «Тыңдайтын мемлекет» концепциясының бір бөлігі болып табылады. Қазіргі Парламентте алты саяси партия өкілдері бар: «Аманат», Халықтық-демократиялық «Ауыл» партиясы, Respublica партиясы, Қазақстан Халық партиясы, Демократиялық «Ақ жол» партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия.

Бесіншіден, парламенттік реформа «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» саяси формуласына толық сәйкес келеді. Бұрын жүргізілген реформалармен бірге бұл өзгерістер жаңа мемлекеттік басқару моделін қалыптастырады. Осы жағдайда Парламент азаматтардың мүддесі

мен еркін бейнелейтін институт ретіндегі рөлін толық жүзеге асыра алады. Электораттың қолдауына негізделген көппартиялық жүйені әрі қарай дамыту тиімді болып табылады.

Алтыншіден, Парламентке «Құрылтай» атауын беру ұсынысы халықтың менталитеті мен рухани құндылықтарына толық сәйкес келеді, себебі бұл тарихи дәстүрлер мен парламенттік легитимділікті күшейтеді. Сол кезде депутаттардың құрылымын жаңарту және өкілеттіктерін кеңейту Парламенттің тиімділігі мен жауапкершілігін арттыруға бағытталады.

Жетіншіден, Конституцияның кіріспе бөлімін (преамбуласын) жаңарту ұсынысы қолайлы, себебі бұл мемлекеттің қазіргі құндылықтары мен стра-

тегиялық басымдықтарын көрсетуге мүмкіндік береді.

Сегізіншіден, вице-президент институтын құру ұсынысы уақтылы және рационалды болып табылады. Бұл конституциялық жаңалық мемлекеттік биліктің тұрақтылығы мен сабақтастығын нығайтуға, Президенттің өкілеттіктерін тиімді іске асыруға бағытталған. Вице-президент институтын құру мемлекет пен Президенттің мүддесін халықаралық және ішкі саясатта өкілдік етуін күшейтеді, бірақ президенттік басқару формасын әлсіретпейді, керісінше, оны толықтырады.

Тоғызыншіден, Халық кеңесін құру өте орынды. Оған заң шығарушылық бастама құқығы мен ішкі саясат және қоғамдық келісім мәселелеріндегі негізгі функциялар берілуі халық өкілдігінің рөлін күшейтеді және конституциялық құндылықтарды нығайтады.

Оныншіден – отбасы мен неке институтын нығайту өте дұрыс. Отбасы ер мен әйелдің ерікті одағы ретінде заңмен бекітілуі негізгі қоғамдық құндылықтарды құқықтық тұрғыдан қорғауды қамтамасыз етеді. Сол кезде сенім бостандығы мен басқа көзқарастар үшін қылмыстық немесе моральдық қудалау жоқ екенін сақтау принципі маңызды.

Осылайша күшті әрі тиімді бір палаталы Парламент және Конституциядағы басқа да жаңалықтар унитарлық мемлекеттік құрылымды сақтау мен нығайтуға, тұрақты экономиканы дамытуға, көппартиялық саяси жүйені қалыптастыруға, этносаралық және конфессияаралық қатынастарда тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін күшейтуге қажет. Бір палаталы Парламент құру унитарлық мемлекет табиғатына толық сәйкес келеді және қоғам мен мемлекет дамуының қазіргі кезеңіндегі өзекті сұраныстарға жауап береді. Ендігі кезекте бұл парламенттік реформаның ел азаматтарының көпшілігі тарапынан қолдау табуы күтіледі.

Ұлттық бірегейліктің негізі – білім

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түркология және алтаистика ғылыми-зерттеу институтында Қызылорда қаласында өткен V Ұлттық құрылтайдың негізгі идеяларын талқылауға арналған ғылыми-практикалық семинар өтті.

«Құрылтайдағы Президенттің баяндамасы аясындағы ғылым мен білім: жаңа бағдарлар мен кәсіби стандарттар» тақырыбындағы семинар Мемлекет басшысы айқындаған мемлекеттік басымдықтар контекстінде ғылыми және білім беру салаларын дамытудың өзекті мәселелерін талқылауға бағытталды.

Іс-шараның офлайн және онлайн форматта өтуі қатысушылар ауқымын кеңейтіп, кәсіби тұрғыдағы кең көлемді пікір алмасуға мүмкіндік берді.

Шараны модератор – Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА профессоры Меңдіғаным Шаймерденова ашып, семинардың қазіргі ғылыми үрдістерді талдауға және ғылыми қызметте жаңа тәсілдерді қалыптастыруға арналған маңызды алаң ретіндегі мәнін атап өтті.

ҚазҰУ-дың Орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасының профессоры Нұрсұлу Шаймерденова «Жаңа мемлекеттік бағдарлар аясындағы түркологиялық зерттеулердің заманауи сын-қатерлері мен басымдықтары» тақырыбында баяндама жасап, кездесудің негізгі мақсаттарын айқындады. Ол Ұлттық құрылтай отырысында Президенттің сөйлеген сөзінің басты тұжырымдарын талдап, жалпы ғылымда, атап айтқанда Түркология және алтаистика ҒЗИ қызметінде іргелі және қолданбалы зерттеулердің басым бағыттарына тоқталды.

Баяндамашы 2026 жылдың айрықша маңызға ие екенін айтты. Бұл жыл мемлекеттік саясаттың жаңа бағдарларын айқындайтын V Ұлттық құрылтайдың өтуімен, сондай-ақ түркология ғылымы үшін тарихи кезең болған Бакудегі I түркологиялық конгрестің 100 жылдығына арналған ауқымды іс-шаралармен тұспа-тұс келіп отыр.

Сондай-ақ жиынға қатысушылар Түркология және алтаистика ғылыми-зерттеу институтының алдында тұрған маңызды міндеттерді қарастырды. Атап айтқанда қолжазба қорымен жұмысты жандандыру, зерттеу жобаларын кеңейту, алдағы ғылыми іс-шараларға, соның ішінде Ұлы Алтай мәселесіне арналған форумға дайындық жүргізу қажеттігі атап өтілді.

Шара барысында профессор Меңдіғаным Шаймерденованың «Білім мен мәдениет арқылы ұлттық жаңғыру: азаматтық жауапкершілікті қалыптастырудағы ғылыми интеллигенцияның рөлі» атты баяндамасында ұлттық бірегейліктің негізі ретіндегі білім, мәдениет және өнердің маңызы сөз болып, кафедра профессоры ретіндегі жұмыс тәжірибесі де таныстырылды.

Пікірталас барысында қатысушылар өз ойларымен бөлісіп, ұсынылған бастамаларды талқылады. Құрылтайда белгіленген жаңа мемлекеттік бағдарларға сәйкес, институттың зерттеу және білім беру қызметін жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар қалыптастырылды.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Құрылтайдағы ҚҰНДЫ ҰСЫНЫСТАР



www.akorda.kz

Сыр өңірінде өткен дәстүрлі құрылтайда ел дамуына қатысты көптеген өзекті мәселелер көтерілді.

Соның ішінде Мемлекет басшысының ұлт руханиятының темірқазығы саналатын әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи және Абай ілімдерін жан-жақты дәріптеуді күшейту жөніндегі бастамасының маңызы айрықша. Ұлы ойшылдардың идеялары ұлттық болмысты терең тануға, адамгершілік құндылықтарды ұстануға, адамзатқа қызмет етуге, ғылым мен білімді дамытуға жол ашады. Олардың рухани мұрасын кеңінен насихаттау жас ұрпақтың дүниетанымын кеңейтіп, елдік сананы нығайтуға ықпал етеді. Бұл жекелеген тұлғаларды ғана ұлықтау емес, тұтас қоғамның рухани деңгейін көтеруге, өркениеттік дамуға серпін беретін маңызды үдеріс. Сондықтан біртуар ойшылдардың мұрасын дәріптеу – өткенді қадірлеу арқылы болашақты кемелдендірудің берік негізі. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі «Адал азамат» тұжырымдамасының Абайдың «Толық адам» ілімімен өзара үндесуі терең ойға жетелейді. Кезінде Ибн Араби, Абдулкарим Жили сынды көрнекті

мұсылман ойшылдары негізін қалаған «Кемел адам» тұжырымы Абайға дейінгі кезеңде жүйеленіп, мазмұндық тұрғыдан толығымен түскені белгілі. «Әлинсан әл-кәмил» – жан-жақты жетілген, рухани кемел тұлға. Қоғамды алға бастайтын да осындай тұлғалар. Сондықтан жас ұрпақ өз елінен шыққан ұлы ойшылдардың өмірі мен мұрасын терең танып, оларды үлгі тұтуы тиіс.

Құрылтай барысында Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізу, философия, әлеуметтану, саясаттану секілді қоғамдық ғылымдарды дамыту, қоғамдық-саяси ой-пікірлердің көптомдығын әзірлеу, ғылыми мекемелер жүргізіп отырған зерттеулерді онлайн платформалар арқылы кеңінен қолжетімді ету, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларында салынып жатқан президенттік кітапханаларды қазақ халқының тарихы, мәдениеті мен өркениетін дәріптейтін іргелі орталықтарға айналдыру жөніндегі ұсыныстар айтылды. Бұл бастамалар қоғам тарапынан қолдау табатын, маңызы зор құнды ойлар екені сөзсіз.

Құдайберді БАҒАШАРОВ,
қауымдастырылған профессор, Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

Ұлттық құрылтайдың V отырысы ел дамуының стратегиялық бағыттарын айқындаған маңызды алаң болды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев дәстүр бойынша бірқатар өзекті мәселелерді атап өтті.

Мәселен, бұған дейінгі басқосуларда айтылған ұсыныстардың негізінде 26 заң қабылданды. Осының өзі құрылтай ауқымды реформалардың негізгі қозғаушы күші болғанын айқын көрсетеді. Атап айтқанда әйелдердің құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге нақты қадамдар жасалды. Лудоманияға, яғни ойынқұмарлық пен нашақорлыққа қарсы белсенді күрес жүргізіле бастады. Ономастика саласындағы жұмыстар ретке келтірілді. Мемлекеттік наградлар жүйесіне жаңадан құрметті атақтар енгізілді. Сол арқылы еңбек адамдарының мәртебесі арта түсті. «Былтыр Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары бекі-

Ауқымды реформалардың негізгі қозғаушы күші

тілді. Енді осы құжатқа басымдық ретінде қарап, белсенді түрде іске асыруымыз керек», – деді Мемлекет басшысы. Сондай-ақ Президент: «Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қарқынды дамыған сайын ұлттық бірегейлігімізді нығайту өзекті бола түседі. Төл тарихы мен мәдениетін электронды форматқа көшіріп, оны жаһандық цифрлық өркениетке қосқан елдер ғана ұлттық болмысын сақтап қалады. Мұны жаңа дәуірдің талабы деуге болады. Түптеп келгенде, бұл – жұртымыздың идеологиялық дербестігіне және болашағына тікелей қатысты мәселе. Мен халықтың жады мен ғылым-білімін жинақтайтын «Ұлттық цифрлық мұра» қорын құру идеясын қолдаймын. Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясындағы мұндай

бастама тарихи мұрамызды сақтап, оны терең зерделеуге жол ашады», – деп атап өтті. Құрылтайда сонымен бірге Парламент құрылымын өзгерту, ол үшін Конституцияға тиісті өзгертулер енгізу жайы талқыланды. Парламент атауын «Құрылтай» деп атауды ұсынды. Одан бөлек, Қазақстанның даму бағыттары, әлеуметтік-экономикалық мәселелер мен өзге де тақырыптар кеңінен қамтылды. Осылайша Ұлттық құрылтайдың V отырысы еліміздің стратегиялық даму бағыттарын айқындап, жаңа реформалар мен бастамаларды іске асыруға жол ашып берді.

Гүлия МҰҚАЛДИЕВА,
Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының асс. профессоры

Ел болашағына бағытталған бастамалар

Ұлттық құрылтайда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ел болашағын айқындайтын тарихи үндеу жасап, білім мен ғылымды ұлттық дамуың негізгі тірегі ретінде айқын атап өтті. Мемлекет басшысының бұл бастамасы – Қазақстанды зияткерлік, инновациялық және бәсекеге қабілетті елге айналдыру жолындағы нақты бағдар.

Білім – ұлттың сапасын анықтайтын басты құндылық. Сондықтан қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту, оқыту сапасын арттыру, цифрлық технологияларды кеңінен енгізу – ортақ міндет. Президент үндеуінде айтылғандай, заманауи білім тек теориямен

шектелмей, практикалық дағдылармен, сыни ойлаумен және жауапты азаматтық ұстаныммен ұштасуы тиіс. Бұл – жас ұрпақты еңбек нарығына бейімдеудің, олардың ел дамуына белсенді үлес қосуының кепілі. Ғылым – экономиканың қозғаушы күші. Ғылыми зерттеулерді қолдау, қолданбалы ғылымды дамыту, университет пен өндіріс арасындағы байланысты күшейту – ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыратын негізгі факторлар. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, ғылыми жаңалықтар мен инновациялар елдің ұзақ мерзімді дамуына қызмет етуі керек. Осы орайда, жас ғалымдарды қолдау, зерттеу инфрақұрылымын нығайту және халықаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейту аса маңызды. Білім мен ғылым саласындағы әрбір маман ел болашағы

үшін жауапты. Ұстаз – ұрпақ тәрбиешісі, ғалым – жаңалықтың бастауы, студент – ертеңгі ел тірегі. Сондықтан баршамыз Президент үндеуінде көтерілген идеяларды қолдап, оларды нақты істер арқылы жүзеге асыруға атсалысуымыз қажет. Академиялық адалдық, кәсіби жауапкершілік және үздіксіз даму – бүгінгі күннің басты талаптары. Ұлттық құрылтайда айтылған тарихи үндеу бізді ортақ мақсатқа жұмылдырады. Ол – білімді, саналы, әділетті және жаңашыл Қазақстанды қалыптастыру. Осы жолда білім мен ғылым саласы көшбасшы болуға тиіс. Бірлесе әрекет етіп, интеллектуалдық әлеуетімізді ел игілігіне бағыттайық. **Гүлқыз ЖИДЕҚҰЛОВА,** Кибержауапкершілік және криптология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың ел дамуы жолындағы ерекше рөлін айқындап, оның саяси-әлеуметтік, экономикалық және рухани салалардағы нақты нәтижелерін жан-жақты талдап көрсетті.

Сөздің алғашқы бөлігінде Ұлттық құрылтай отырыстарының еліміздің әр өңірінде өткізілуі олардың тарихи-мәдени мәнімен тығыз байланыстырылып, Қызылорданың қазақ мемлекеттілігі мен өркениеті тарихындағы айрықша орны терең ашылған. «Сыр – Алаштың анасы» деген тұжырым арқылы өңірдің ұлттық сана мен мемлекет қалыптасуындағы рөлі айқын көрсетілген. Көне қалалардың аталуы халықтың тарихи жады мен сабақтастығын нығайтуға бағытталған маңызды идеологиялық мәнге ие.

Мемлекет дамуындағы рөлі ерекше

Президенттің Сыр өңірі халқына берген жоғары бағасы, жергілікті тұрғындардың еңбекқорлығы, ұйымшылдығы мен отаншылдығын ерекше атап өтуі бұл сөздің тәрбиелік әрі ынталандырушы сипатын күшейтеді. Нақты ауылдарды үлгі ретінде келтіру өмірмен тығыз байланысын көрсетіп, аймақтық дамудың оң тәжірибесін насихаттайды. Экономикалық және әлеуметтік даму көрсеткіштерінің нақты статистикалық деректермен берілуі Президент сөзінің дәлелділігін арттырып, жүргізіліп жатқан реформалардың нақты нәтижесін көрсетеді деп есептеймін. Экономикалық өсім, халықтың өмір сүру ұзақтығының артуы, шағын және орта бизнестің дамуы



елдің тұрақты даму жолына түскенін айғақтайды. Ұлттық құрылтайдың бастамалары негізінде қабылданған заңдар, әлеуметтік кеселдермен күрес, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, ішкі саясат қағидаттарының

бекітілуі құрылтайдың ел өміріндегі нақты ықпалын дәлелдейді. Бұл институттың реформалардың негізгі қозғаушы күші екені анық көрінеді. Су ресурстары, экология, Арал мәселесі, білім, ғылым, цифрландыру және жасанды

интеллект салаларына қатысты ойлар Президент сөзінің болашаққа бағдарланған стратегиялық сипатын айқындады. Мемлекет басшысының формализм мен көзбояушылықтан бас тартып, нақты әрі өлшенетін нәтижелерге басымдық беру қажеттігін баса айтуы басқару мәдениетінің жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін көрсетеді. Сонымен қатар мәдениет пен өнерді дамыту, рухани жаңғыру, жастарды қолдау мәселелерінің кеңінен қамтылуы қоғамның саналық жаңаруына ерекше мән беріліп отырғанын аңғартады. Ұлттық мұраны әлемдік деңгейде таныту, ЮНЕСКО аясындағы бастамалар еліміздің халықаралық мәдени беделін арттыруға бағытталған маңызды қадамдар ретінде бағаланатынын қадап айтты. **Мәдина ТӘЖІБАЙ,** Дипломатиялық аударма кафедрасының оқытушысы

Маржан СҰЛТАНҒАЗИНА, Плазма физикасы, нанотехнология және компьютерлік физика кафедрасының аға оқытушысы:



Ғылыми мақала жазудағы белсенділік – командалық жұмыстың нәтижесі

– Маржан, қандай тақырыпқа қызығасыз, қандай саланы зерттеп жүрсіз?
– Мен қазір «Сұйықтықтағы плазма және композиттік нанокұрылымдардың синтезі» деген тақырыпты таңдап алып, зерттеп жатырмын. Бұл бағыт плазмалық физика, материалтану және нанотехнологиялардың тоғысқан тұсында орналасқан және бүгінде ең өзекті салалардың бірі болып саналады. Себебі электрлік разрядтың сұйық ортамен өзара әрекеттесу процестері жаңа функционалдық материалдарды экологиялық таза, энергия үнемдейтін және технологиялық тұрғыдан оңайлатылған әдіспен алуға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу жұмысымен 2016 жылдан бастап айналысып келемін. Сол жылы ҚазҰУ-дың Плазма физикасы, нанотехнология және компьютерлік физика кафедрасында «Нанотехнология және наноматериалдар» білім беру бағдарламасы бойынша магистратураға оқуға түсіп, профессор Маратбек Ғабдуллин мен қауымдастырылған профессор Сағи Оразбаевтың ғылыми жетекшілігімен жұмысымды бастадым.

Бүгінде менің ғылыми жұмысым көміртек-иммобилизацияланған нанокөпозиттердің түзілуін, разряд параметрлерінің бөлшектердің морфологиясы мен фазалық құрамына тигізетін әсерін зерттеуге арналып отыр. Сондай-ақ олардың магниттік қасиеттері мен каталитикалық процестер, сенсорика, биомедицина, су тазарту және функционалдық материалдар жасау сияқты салалардағы қолдану мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған.

Бұл ғылыми бағыт әрі фундаменталды, әрі қолданбалы міндеттерді қамтығандықтан, қарқынды дамуын жалғастыруда. Біріншіден, сұйық ортадағы плазманың түзілуінің негізгі механизмдері зерттеледі. Екіншіден, алынған нанокөпозиттерді қолданудың әлеуеті ауқымдалып келеді. Бұл катализ бен сенсорикадан бастап, биомедицинаға, су тазартуға, функционалдық қаптамалар мен энергия сақтау жүйелеріне арналған элементтерді жа-

сауға жақсы мүмкіндік деуге болады.

– Scopus базасына кіретін халықаралық басылымдарға көп мақалаңыз шыққан екен. Бұл үлкен ізденіс пен уақытты талап етеді. Соның бәріне қалай үлгересіз?

– Мен үшін мақала жазудағы белсенділік – ең алдымен командалық жұмыстың нәтижесі. Біз тәжірибелі зерттеушілердің жетекшілігімен ғылыми мектеп құрамында жұмыс істейміз әрі алынған әрбір нәтиже ұжымдық талқылаудан, сараптамалық бағалаудан өтеді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінде акаде-



мик, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Тілекшабыл Рамазанов жетекшілік ететін Шаңды плазма және плазмалық технологиялар зертханасының ғылыми семинарлары аптасына бір рет өтіп тұрады. Осы семинарларда біз эксперименттік деректерді егжей-тегжейлі талдаймыз, ықтимал қателерді қарастырамыз, интерпретацияларды нақтылаймыз және жұмыстың әрі қарайғы жоспарын қалыптастырамыз. Мұндай формат зерттеулердің сапасын айтарлықтай арттыруға және халықаралық ғылыми стандарттарға сай мақалалар дайындауға мүмкіндік береді.

Барлық жұмысқа үлгеру нақты жоспарлаудың, міндеттерді дұрыс бөлуің және дағдыларды эксперименттік, аналитикалық үздіксіз жетілдірудің арқасында жүзеге асады. Жұмыс

жүйелі түрде ұйымдастырылса және командада ортақ ғылыми мақсат болса, жарияланымдар әр жобаның табиғи даму кезеңіне айналады.

Сонымен қатар біздің ғылыми мектептің түлектері әлемнің жетекші университеттері мен ғылыми орталықтарымен, соның ішінде Sorbonne University (Франция), Princeton University (АҚШ), Nagoya University (Жапония), University of Mons (Бельгия), Orleans University (Франция), Kyoto Institute of Technology (Жапония) және басқа мекемелермен белсенді коллаборация жүргізеді. Халықаралық ынтымақтастықта ғылыми мәдениеттің дамуына және жарияланатын жұмыстар-

дың деңгейінің жоғарылауына ықпал етеді.

– Халықаралық басылымға мақала жазудың жауапкершілігі қандай?

– Ғылыми мақала жазу – шынымен де оңай емес, бірақ қызықты процесс. Ең көп еңбекті талап ететіні нәтижелерді дұрыс талдап, оларды ғылыми тұрғыдан негізделген, дәл әрі түсінікті түрде баяндау. Әр мақала бірнеше кезеңдегі талқылаудан, түзетулер мен толықтырулардан өтеді, бұл уақыт пен жүйелі жұмысты қажет етеді. Алайда зерттеу тобындағы бірлескен жұмыс, пікір алмасу және деректерді бірге талдау бұл процесті едәуір жеңілдетіп, соңғы жарияланымның сапасын арттыра түседі.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Еңлік АҚЖІГІТ

«Болашақ» бағдарламасы бойынша ғылыми тағылымдамадан өту – тек жеке кәсіби өсу емес, сонымен бірге Қазақстан ғылымының әлемдік аренада мойындалуына үлес қосатын маңызды қадам. Жаһандық тәжірибе жинақтаған стипендиаттар елге оралып, қалыптасқан ғылыми ортаны жаңаша ойлау мен жаңа біліммен байытуда. Қазақстандағы ғылыми әлеуетті арттыруға бағытталған халықаралық бағдарлама жас ғалымдар мен оқытушыларға әлемнің үздік университеттерінде кәсіби құзыреттерін тереңдетуге мүмкіндік береді. Аталған бағдарлама аясында Джордж Вашингтон университетінде (George Washington University, АҚШ) өткен ғылыми тағылымдама маған білім беру мен зерттеу саласында озық технологияларды меңгеруге, жаңа әдіснамаларды өз тәжірибемде қолдануға және халықаралық ғылыми ортаға интеграциялануға зор ықпал етті.

Жаһандық тәжірибе ғылыми ортаны өзгертеді

Тағылымдама бекітілген оқу жоспарына сәйкес, бірқатар маңызды пәндерді қамтыды. Сабақтарда теориялық материалды меңгерумен қатар, зерттеу әдістерін қолдану, цифрлық білім ресурстарын пайдалану және заманауи педагогикалық технологияларды енгізу бойынша практикалық жұмыстар орындалды.

Ғылыми тағылымдама шеңберінде N.Salem, D.Dolan, V.Bhagwat профессорларымен өткен «Academic Writing», «Qualitative Research», «Quantitative Methods for Applied or Academic Research» және «Course in Design & Educational Technology» пәндері зерттеу мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге ықпал етті. Академиялық жазудың құрылымын меңгеру, дәл және сенімді аргументация құру, ғылыми стиль нормаларын сақтау дағдыларымды жетілдірдім. Сапалық зерттеулер бойынша сұхбат жүргізу, бақылау, контент-талдау, деректерді интерпретациялау сияқты әдістерді қолдану қабілетім артты. Цифрлық талдауда статистикалық өңдеу, гипотеза тексеру, регрессиялық модельдер құру арқылы мәліметтерге негізделген шешімдер қабылдау мүмкіндігім кеңейді. Ал білім беру технологиялары бойынша интерактивті орта жобалау, цифрлық ресурстарды сабаққа тиімді енгізу, оқу материалдарын визуализациялау және инновациялық тапсырмалар әзірлеу құзыреттерім нығайды. Нәтижесінде ғылыми зерттеу жүргізудің теориялық та, практикалық та аспектілерін жүйелі игеріп, кәсіби құзыреттер кешені айтарлықтай дамыды.

Тағылымдама барысында ғылыми жетекші ретінде профессор H.Khamooshi бекітілді. Жетекшімен тұрақты жұмыс ғылыми жұмыстың мазмұнын жүйелеуге және нәтижелілігін арттыруға зор септігін тигізді.

Тағылымдама кезеңінде бірнеше халықаралық конференция мен семинарларға қатыстым. Солардың ішінде Addressing Central Asia's Water Crisis – Орталық Азиядағы су ресурстары тақырыбындағы панельдік талқылау, Network and Navigate семинары – кәсіби даму және жұмыс іздеу стратегиялары, International Culture Day – GWU студенттерінің халықаралық мәдени іс-шарасы, Georgetown University өткізген Орталық Азия энергетикасына арналған ғылыми форум.

Тағылымдама нәтижесінде бір Scopus көрсеткішіндегі мақала, бір ККСОН журналында жарияланған еңбек және екі халықаралық конференция материалы дайын-



далып, ғылыми қауымдастыққа ұсынылды. Бұл нәтижелер тағылымдаманың тиімділігін, алынған білім мен әдіснамалық құзыреттердің практикалық зерттеу жұмысына тікелей ықпал еткенін көрсетеді. Сонымен қатар Coursera және Citi Program платформаларында біліктілігімді арттыру мақсатында «Social & Behavioral Research», «Research Study Design», «Mental Health for Higher Education», «Optional Modules», «Creating a Visual Tasks Guide with Microsoft PowerPoint» атты курстарды сәтті аяқтап, сертификаттарға ие болдым. Барлық курстар зерттеу жүргізу дағдыларын жетілдіріп, кәсіби құзыреттерімді күшейтті.

Ғылыми тағылымдама барысында заманауи зерттеу әдістерін меңгеруге мүмкіндік болды. Академиялық жазу, сандық және сапалық талдау, білім беру технологиялары бойынша терең дағдылар қалыптасты. Халықаралық ғылыми ортада жұмыс істеу тәжірибесі артты, зерттеу жобаларының сапасын арттыруға мүмкіндік беретін жаңа әдістемелер де игерілді. Цифрлық білім беру құралдарын қолдану бойынша нақты практикалық нәтижелерге қол жеткізілді.

Алынған білім мен тәжірибе алдағы уақытта ҚазҰУ қабырғасындағы ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметті жаңа деңгейге көтеруге сөзсіз ықпал етері анық. Осылайша заманауи білім беру процесіне жаңашыл тәсілдер енгізуге өз үлесімді қосудамын.

Жанат БАҚТЫБАЕВ,
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті

Талдауға да талғам керек

Көркем шығарманы оқудың ләззаты өз алдына бөлек дүние. Ал сол оқыған дүниеңді көңілге тоқу, санаға сіңіру де оңай емесі анық. Осы орайда, «Бүгінгі студент – ертеңгі білікті маман» екенін ескерсек, жазушы еңбегін бағалап, оның туындыларының жетістігі мен кемшін тұсын саралап-таразылауда болашақ филолог-әдебиетшілердің талпынысын, кітап талдауға бейімін бағалағанымыз жөн. Көркем шығарманы талдау әдістемесі, әдебиеттерді салыстыра зерттеу принциптері, әдеби сын жанрлары, әдебиет теориясы пәндерін оқып-үйренудің нәтижесінде өздері де жазушы суреткерлігінің қыр-

сырын, шығармашылық әлемі мен көркемдік ізденістерін, жазу мәнері мен стильдік ерекшелігін тани алудың, кәсіби тұрғыда талдаудың мәселелерін игеруге бағытталған ізденістері құптарлық. Қаламгерлердің образ сомдау, сюжет құру, кейіпкер характерін ашу т.б. тәсілдерінің, қолданған әдістерінің аражігін ажырата білу де жас әдебиетшілердің таным көкжиегінің деңгейін байқататыны да ақиқат. Солардың бір парасын назарларыңызға ұсынамыз.

Шоқан ШОРТАНБАЙ,
филология факультетінің аға оқытушысы

Қаржаубай Омарұлы – қайта құру кезінде, 90-жылдары жазылған, оқырман тарапынан жоғары бағаланған шығармалардың авторы. Жақсы шығармаларының бірі – «Әке» повесі. Бұл повесть оқырманды көп көрсенің қадіріне жетуге үйрететін туынды.

Шығарманың басты кейіпкері – Сарман. Шығарманың желісі де Сарман және оның отбасының айналасында өрбиді. Сарман әкесінің мінезінің жұмсара бастағанын анасы қайтыс болғаннан кейін байқайды. Анасы Айдабол бригадир ұрысып жүрер деп таң азанмен жұмысқа кетіп, түннің бұйрағында келетін. Сонысымен ескі ауруы қайта күшейіп, қайта тұрмастай жатып қалады. Әкесі қаншалықты қатал болғанымен, анасымен соңғы кез сөйлескендегі мейірімді алғаш көруі болатын. Анасы қайтқанда да әкесінің қатал жүзінде жасты алғаш көрді.

Шығарманың ортасында соғыс басталады. «Соғыс деген сөз соншалықты неге қорқынышты, біз оны көрмесек те, неге үрейленеміз?» деген сияқты психологиялық ой-толғау туындыда орын алады. Соғыс басталғаннан кейін ауыл іші тыныш болмады. Сарманның әкесі де жаңа үй тұрғызуға асықты. Оның бар ойы «бала-

Әке қадірін білсек...



ларым қыста жаурамаса» дегенде болды. Өкінішке қарай, қысқа дейін үлгермей қалды. Туындыда дәл осы соғыстың қиыншылықтары терең әрі нақты суреттелген. Сарманның әкесі кеткелі үш бауыр жетімсіреп қалғандай болды. Жүректі елжіретеді: «Көкем соғысқа кетпегенде ғой... Сабақтан бетімді суық сорып келгенде үй жып-жылы болып тұрар еді, не кием, не ішем деп ойламас та едім», – деп, соғыс келгелі отбасыға қаралы күндердің келуі де бейнеленген.

Туындыда әлеуметтік мәселе кең қозғалған, ол – өгейлік. «Өгей өгейлігін жасайды» демекші, шешесі өзге емес, тіпті өз қызына жылулық танытпайды. Аузынан бір «айналайын» деген сөзі шықпаған. Табыс көзі болып отырған сиырын базарға апарамын деп,

сонымен жоқ болып кетеді. Кейіннен оның басқа біреуге тиіп кеткені белгілі болады. Бұл мәселе қазір де жалғасуда. Бұрын танымасаң да, көмек көрсетуге дайын болсақ, қазір жақыныға көмек көрсетуден қашамыз.

Шығарманың екінші бөлімі балалар үйінен басталады. Балалар ол жерге үйренісіп қалған. Қазақтың бауырмалдығы осы балалар үйінде көрініс алады. Бірде бомбалаған жерден келген балаларды жаттық баласы демей, әрқайсысы өз бауырына алған болатын. Осынысымен бірге отандық патриотизмде «Отан – мына тұрған баршамыздың әкеміз. Отанның жүрегі – қасиетті ту!» деп көркем бейнеленген.

Автор повестегі бір кейіпкер арқылы соғыстың ащы шындығы мен ауыртпалықтарын көрсеткен. Сол кездердегі халықтың армандары біздің заманымызда қанағатсыз нәрсе болып жатқанын сездіреді. Қорыта келгенде, Қаржаубай Омарұлының «Әке» повесі сол кездегі халықтың шынайы халін суреттей білген туынды.

Саида НҰРМАХАМЕТОВА,
«Қазақ тілі және әдебиеті»
мамандығының 3-курс
студенті

«Бүгінгі балалар әдебиетінде тілдің нәзік иірімін сездіретін, баланың ойын жетілдіретін туындылар сиреп барсады» деген сөзді жиі естиміз. Бірақ белгілі журналист-публицист, сатирик-жазушы Ермахан Шайхыұлының 2023 жылы «Аннұр сапа» баспасында жарық көрген «Медина мәзірі» атты жаңылтпаштар жинағын қолға алған сәттен-ақ бұл пікірдің бәрін жоққа шығаратын шынайы жылылық пен ұлттық рухтың лебін сездік.

Тілдің дәмін сездірген «Медина мәзірі»

Бұл кітап тек балаларға арналған жеңіл сөздер жиынтығы емес, ол – сөздің дәмін сездіретін рухани мәзір, балалық көңілдің шуағын сыйлайтын туынды. Атауының өзі символикалық мәнге, терең мағынаға ие: «Медина» – автордың тұңғыш немересінің есімі, ал «мәзір» – тілдің түрлі дәмін, сөздің түрлі реңін ұсынатын бейне. Осы екі ұғымның тоғысында аталық мейірім мен шығармашылық шабыттың нәзік үйлесімі сезіледі. Жинақтың алғашқы жолдары-ақ оқырманды ойға жетелейді:

«Құр бекерге жатпайық,
Кел, жаңылтпаш жаттайық!» деген шақыру – тек ойын емес, тіл мәдениетіне деген сүйіспеншілікті оятатын үндеу. Бұл жолдарда баланы ізденуге, есте сақтауға, жарысу арқылы дамуға баулитын ерекше серпін бар. Келесі жаңылтпаштарда автор қазақ тілінің дыбыс әуезін, ұйқас заңдылығын ұтымды пайдаланады. Мәселен:

«Мединаның анасы –
Марал,
Мадинаның анасы –
Самал...»

деген жолдар баланы шатастыра отырып, дәл айтуға, тыңдауға, есте сақтауға үйретеді. Осындай дыбыстық ойын арқылы тілдің икемі мен мәнін баланың санасына табиғи жолмен сіңіреді. Ал «Асу, ашу, асу, аз су...» сынды шағын, бірақ мағыналы жаңылтпаштар дыбыс үндестігі мен сөз мағынасының нәзік айырмашылығын көрсетеді. Мұнда дыбыстық үйлесім мен ой дәлдігі қатар



өріліп, балаға ойнақы формада тілдік талғам дарытылады. «Шын айтты ма? Сын айтты ма?» деген жаңылтпашта болса, шындық пен сынның арақатынасы философиялық деңгейде беріледі. Бұл – баланың тек тілдік емес, адамгершілік танымын да дамытатын үзінді. Сондай-ақ «Қантай да – дана да дара Абайдың нағашысы...» деген жаңылтпашта ұлттық тарих пен таным көрініс табады. Мұнда сөз ойынынан бөлек, Абайдың тұлғасы мен ел даналығының байланысы көркем әрі тәрбиелік сипатта көрсетілген.

Жалпы, жинақтағы әр жаңылтпаш – қазақ тілінің саздылығын, ұлттық болмысын, отбасылық жылылық пен ұлттық тәрбиенің сабақтастығын көрсететін айшықты туынды. Автордың тілге деген құрметі, ұлт руханиятына деген сүйіспеншілігі әр шумақтан сезіледі.

Айжанар АХМЕТОВА,
филология факультетінің
3-курс студенті

Әдебиеттегі фэнтези жанры – адамды күнделікті өмірден бір сәтке алыстатып, басқа әлемге апаратын ерекше жанр. Бұл жанрда авторлар шынайы өмір заңдылықтарын бұзып, қиялдан туған әлемдер жасайды, ерекше кейіпкерлерді өмірге әкеледі және адамзатқа тән мәселелерді мифтік немесе символдық формада береді.

Фэнтези шығармалардың басты ерекшелігі – оқырманды күнделікті тіршіліктен алыстатып, басқа өлшемге енгізуі, сол арқылы өмірді жаңа қырынан айландыруы. Дәл осы ерекшелік Мырзақасым мен Олжас Байбековтердің «Иірім» романының мазмұнында айқын көрінеді. Роман авторлары – Мырзақасым мен Олжас Байбековтер. Қос автордың бүгінгі таңда жазушылық жолда белсенді жүрмегеніне қарамастан, «Иірім» шығармасы олардың әдебиеттегі өзіндік

Өмір иірімдеріндегі сапар

ізденісінің ерекше нәтижесі деуге болады.

«Иірім» – шынайы өмір мен қиял әлемінің араласқан ерекше туындысы. Кітапта адам жанының тереңдігі, оның ішкі күйзелістері мен ой-толғаныстары фантазиялық оқиғалар арқылы көрсетіледі. «Иірім» атауының өзі адамның ішінде жүретін түрлі сезімдер мен ойлардың символы деп қарастыруға болады. Әлемдер ауысуы, тылсым құбылыстар, адамға таныс емес бейнелер – бәрі бір-бірімен үйлесіп, оқырманның көңілін баурайды.

Кітаптың ең басты ерекшелігі – авторлық суреттеудің ерекше болуы. Жазушылар әлемді жай сипаттап қана қоймай, оны көз алдында әдемі етіп елестетеді. Мысалы, әр эпизод өзінің атмосферасына ие, көркем детальдардың молдығы оқиғаны «кино көріп отырған-



дай» әсерлі етеді. Сонымен қатар авторлар кейіпкерлердің эмоциясын, қоршаған ортаның мәнін нақты жеткізеді, бұл оқырманның оқиғаны ішкі сезіммен қабылдауына мүмкіндік береді.

Басты кейіпкер – Түркен. Ол өте ақылды, алғыр және адамгершілік қасиеттерін бірінші орынға қоятын жан. Оның отбасы, тұрақты жұмысы бар, бірақ бір күтпеген апатқа ұшы-

раған соң, ол өз өмірінен мүлде басқа, ежелгі дәуірге түсіп кетеді. Бұл жерде Түркен тек тірі қалу үшін күресіп қана қоймай, жаңа әлемді тануға тырысады. Ол орманда жалғыз жүріп, түрлі қиындықтармен бетпе-бет келеді: аюмен арпалысады, маймылдардан қашады, жабайы адамдармен түсінбеушілікке ұшырайды. Әрбір оқиға оның мінезін сынайды, сонымен бірге оқырманға қызық және шытырман оқиғаларды ұсынады.

Оқырманға әсері жағынан «Иірім» кітабы шытырман оқиғалар мен өмірлік сабақтарды үйлестірген керемет шығарма. Кітап адам өміріндегі күтпеген жағдайларды, қиындықтарды, жаңа ортаға бейімделуді, өзгерлерге көмектесуді көрсету арқылы жан дүниеге әсер етеді. Фэнтези жанрының ерекшелігі – мұнда тек қиял әлемі ғана

емес, адамның рухани дамуы, қасиеттерін көрсету басты рөл атқарады. Түркеннің ерліктері, адамгершілігі, білімділігі оқырманға үлгі болады, ал оның қиындықтардан өтуі әр оқырманға ой салатын сабақ ретінде қызмет етеді.

Қорытындылай келе айтарымыз, Мырзақасым мен Олжас Байбековтердің «Иірім» кітабы – тек қызықты қиял әлемі емес, адамдық құндылықтарды ұғындыруға арналған шығарма. Кітапты оқыған адам Түркеннің шытырман оқиғалары арқылы батылдықты, адалдықты, білімнің құндылығын түсінеді. Фэнтези жанрының барлық ерекшелігі сақталған бұл шығарма, әсіресе, жас оқырмандар мен шытырман оқиғаларды сүйетін адамдар үшін ұсынылады. «Иірім» – өмір иірімдерін көрсететін, кейіпкерлер арқылы сабақ алуға мүмкіндік беретін кітап.

Нұрдана
РАХЫМБЕРДИЕВА,
филология факультетінің
3-курс студенті

Талапшыл әрі әділ ұстаз



лімен (куәлік №14278) марапатталды. Ұстазымыз «Математикалық модельдеу, сандық әдістер және бағдарламалар кешені» мамандығы бойынша екі физика-математика ғылымдарының кандидатын даярлады.

1996 жылы «Математика» мамандығы бойынша доцент ғылыми атағына, әр жылдары ғылым мен білім саласындағы сіңірген еңбегі үшін бірқатар марапаттарға ие болды: 2011 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай, Құрмет грамотасы және ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойлық медалі; 2016 жылы «Қазақстан ұстаздары» қоғамдық бірлестігінің мүшесі; 2019 жылы «Еңбек ардагері» медалі; 2021 жылы ҚазҰУ-ға сіңірген еңбегі үшін «Ерен еңбегі үшін» медалі; 2024 жылы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына орай, «FARABI» алтын медалі.

Алтынғазы Каримовтың ғылыми-зерттеу жұмыстары сызықтық емес флюидтердің бір-

текті емес кеуекті ортада сүзгілену теориясына, есептеу математикасына, үзік коэффициенттері бар есептерде жалпыланған функциялар теориясын қолдануға, сондай-ақ ньютондық емес сұйықтардың сүзгілену теориясына арналған. Ол 100-ден астам ғылыми мақаланың, екі оқу құралының авторы («Интегро-интерполяционный письмена-рекорда», Қазақ университеті, 2020; «Математические модели и численные методы решения задач фильтрации», Қазақ университеті, 2024). Ғалымның ғылыми жетекшілігімен 100-ден астам студент дипломдық жұмысын сәтті қорғаған.

Алтынғазы аға – талапшыл да әділ, мейірімді әрі жағдайға түсіністікпен қарайтын нағыз ұстаз. Ол студенттерге тек білім беріп қана қоймай, әрдайым бағыт-бағдар көрсетіп, қолдау білдіреді. Күрделі математикалық есептерді түсіндіруде уақытын да, күшін де аямайды. Әріптестері оның жоғары жауапкершілігін, адамгершілігін және ғылымға деген шынайы қызығушылығын ерекше құрметтейді.

Осы орайда, Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасының ұжымы доцент Алтынғазы Каримов ағамызды 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтайды. Ұстазымызға мықты денсаулық, сарқылмас күш-қуат, шығармашылық шабыт, әр күні жақындарының қамқорлығына, әріптестері мен шәкірттерінің құрметіне толы болсын деп тілейміз. Ұзақ жылдар бойы ғылым мен білімге қосқан өлшеусіз үлесі үшін әріптестері, студенттері мен түлектері зор алғыс білдіреді.

Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасының ұжымы

Болашақ педагогты кәсіби шыңдаудың тиімді жолы



Тренинг бағдарламасы теориялық және практикалық бөлімдердің үйлесімділігі негізінде құрылды.

Теориялық бөлімде педагогикалық қызметтің заманауи талаптары, химия пәнін оқитудың инновациялық әдістері мен оқыту технологиялары қарастырылды. Практикалық бөлімде интерактивті тапсырмалар, іскерлік ойындар, ситуациялық жағдаяттарды талдау және топтық жұмыстар ұйымдастырылды. Бұл жұмыс түрлері студенттердің оқу үдерісіне белсенді қатысуына, өзара әрекеттесуіне және кәсіби мәселелерді бірлесіп ше-


шу дағдыларын дамытуға бағытталды.

Тренинг барысында студенттер алған теориялық білімдерін тәжірибеде қолдану мүмкіндігіне ие болды. Нәтижесінде олардың педагогикалық ойлау қабілеті мен әдістемелік шеберлігі қалыптасты. Топтық жұмыс формалары студенттердің рефлексия жасауына, кәсіби пікір алмасуына және педагогикалық қызметке деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті.

Бейкұт БАЛҒЫШЕВА,
Жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының оқытушысы, доцент, х.ғ.д.

Алматының Заманауи өнер музейі – қаланың ең жас мәдени кеңістіктерінің бірі. Өнер музейіне саяхат «Химия» білім беру бағдарламасының 3-курс студенттері үшін ерекше білім беру алаңына айналды. Алғашында жаратылыстану ғылымы мен музей екі түрлі әлемге тиесілі болып көрінуі мүмкін. Алайда өнер музейінде әлемді жаңа қырынан тану басталады, ал мұндай кездесулер болашақ ғалымдарға бақылау дағдысын, кеңістіктік ойлау қабілетін және басқалар тек сыртқы пішінін көретін нысанның ішкі құрылымын байқау қабілетін дамытуға көмектеседі.

Зат болмысы және өнер тынысы



Музеймен танысу залдың ішінде емес, сырттан-ақ бас-талды: ғимараттың қасбеті арнайы коррозияға ұшыратылған металл жабындармен қапталған. Қарапайым көрермен үшін бұл – тек ерекше фактура, ал химик үшін сұрақтар легі: таттың реңі қандай табиғи себептермен қалыптасқан? Металл атмосфера ықпалынан қалай өзгерді? Көркемдік нәтижеге жету үшін коррозия жылдамдығы қалай басқарылады? Осы алғашқы деталь-ақ бүкіл сапардың бағытын анықтап берді: бұл жерде өнер – абстракт ғылым емес, материалдың өз тарихын баяндап тұрған кеңістік.

Музей ішінде студенттерді ең әсерлі туындылардың бірі – Ричард Серраның «Пере-кресток» (2011) атты жұмысы қарсы алды. Иілген болаттан жасалған ондаған метрлік құрылым, салмағы – 155 тонна, формасы – көрерменді кеңістіктік эксперименттің қатысушысына айналдыратын лабиринт. Әдетте қаттылық пен беріктікпен байланыстырылатын металл бұл жерде кенеттен икемді, тіпті қозғалыстағы материалға айналғандай сезілді. Металл парағының қалыңдығы, иілу радиусы немесе беттің түсі өзгергенде масса ұғымын қабылдау қалай түрленетіні талқыланды. Студенттер материалдың өзіндік химиялық қасиеттеріне де назар аударды: болаттың ерекшеліктері, қартаю процестері, беттік қабыршақтардың қалыптасуы, жарықпен әрекеттесуі. Бұл болашақ зерттеушілер үшін материалдың физикалық қасиеттері суретшінің ерекше тіліне айналатынының жарқын мысалы болды.

Келесі экспозиция – Йинки Шонибаренің «Жел мүсіні» туындысы мүлде басқа көңіл күй сыйлады. Африка өрнектерімен қолмен боялған алып алюминий желкен қозғалыс сәтінде «қатып қалғандай». Студенттердің назары алюминийдің табиғи қасиеттеріне ауысты: жеңілдігі, беріктігі,

коррозияға төзімділігі. Көпшілігі туындының бетін зертхана-лық үлгі секілді қарастырып, жарықтың шағылуы мен күңгірттігін, реңк тереңдігін бағалады. Қоспа құрылымы туралы әңгіме кенеттен мәдени контекске ұласты, себебі желкен өрнегі Батыс Африка мата-ларынан шабыт алған. Осылайша материал химиясы студенттерді форма, мәдениет және сәйкестік жайлы ойлануға алып келді – мұндай талқылау әдеттегі дәрістерде сирек кездеседі, бірақ кең кәсіби көкжиек қалыптастыру үшін аса маңызды.

Студенттерге музейге бару жай ғана экскурсия емес, кәсіби қалыптасудың бір бөлігі болды. Өнер ғалымға қажет қасиеттерді дамыту үшін ерекше дәл орта болып шықты: бақылау; материал мен форманы талдай білу; құрылым мен заңдылықтарды көру қабілеті; креативті ойлау; дәлелді пікірталас жүргізе алу; объект пен контекст арасындағы байланысты түсіну және т.б. Болат, алюминий, ағаш, айна және жарық арқылы студенттер күнделікті зерттейтін химиялық үдерістер мен физикалық құбылыстарды жаңа қырынан көре алды.

Алматының Заманауи өнер музейіне сапар тек залдарға саяхат жасау емес, ойлау мүмкіндігін кеңейту сапары болды. Ол химияның формулалар мен реакциялардан ғана тұрмайтынын, материал қасиеттері, олардың түрленуі мен өзара әрекеттесуін түсіне отырып, әлемді тереңірек тануға болатынын көрсетті.

Өнер студенттердің қабылдау шекарасын кеңейтті, ал университеттегі қазіргі білім берудің мазмұны интердисциплинарлық байланыс пен тұлғаның мәдени дамуына негізделетінін дәлелдеді.

Ақмарал ИСМАИЛОВА,
доцент
Диляра РАШИТ,
оқытушы

Маңызы зор ғылыми еңбек

Профессор Асқарбек Құсайыновтың «Оқулық жасау және бағалау теориясы» атты монографиясын оқып, таныстым. Ғылыми мазмұны терең зерттеулер нәтижесі екен.

Оқулық жасау – бұл оқу мазмұнын жобалау, материалды жинау, мазмұнға интерактивті элементтер қосу (видео, тест), содан кейін оны электронды немесе басылған форматқа аудару процесінен тұратын еңбек. Оның жаңа заманауи бағытын құрайтын негізгі қадамдарына: мақсатты аудиторияны анықтау, оқу мақсаттарын белгілеу, контентті құру (мәтін, сурет, мультимедиа), оны оқу құралына (электронды оқулық, презентация, бот, кітап) түрлендіру, бағалау және түзету арқылы жүзеге асырылады.

Кейінгі отыз жылда білім беру саласы түрлі реформадан көз ашпады. Сынақ алаңына айналды десе де болады. Соның бір ұшы оқулыққа да әсер етті. Санамен бірге оқулық та сан мәрте өзгеріске ұшырады.

Педагогикалық практика аясында Тұрақты даму мақсаттарының 8-бағыты – «Лайықты жұмыс және экономикалық өсу» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткіздік. Іс-шараны куратор эдвайзер Мағира Назымхикматқызының жетекшілігімен ұйымдастырдық.

Тәрбие сағаты барысында қатысушылар лайықты еңбек пен экономикалық өсудің қоғамдағы маңызын жан-жақты талқылады. Сабақ барысында еңбек нарығындағы өзекті мәселелер, жастарды жұмыспен қамту, әділ еңбек шарттарын қамтамасыз ету және экономикалық тұрақтылықты арттыру жолдары қарастырылды.

Мен өз баяндамамда лайықты еңбек адамының өмір са-



Осыдан екі жыл бұрын Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында білім саласындағы реформаларға тоқталып, оқулық сапасының төмендігін айтып, мәселе көтергені де есімізде. Дегенмен оқулықтарды дайындау барысында еліміздің ұлттық құндылықтарымен бірге типтік оқу жоспары мен типтік оқу бағдарламасына сәйкестігі, пәннің базалық ғылыми мазмұнының сақталуы, ұлттық мәдениетке бағдарлануы аса маңызды. Сондай-ақ оның тәжірибеге бағдарлануы, оқушылардың жастық

психологиялық ерекшеліктеріне мазмұнының сай келуі, мазмұнының жүйелілігі, қисындық бірізділігі мен сабақтастығы да құнды. Оқу материалдарын ұғынықты баяндауы, оқу жұмысының мотивациясын арттыруы, сындарлы ойлау мен талдау жасай білу қабілеттерін дамытуға бағытталуы да өзекті. Сол сияқты зерттеу дағдыларын, өз бетінше шығармашылық жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, тілдік біліктілігі мен коммуникативтілігін дамытуға бағыттылығы, жазба сөз ережелеріне сәйкестігі өзекті. Безендіру сапасы, оқулықтар мен жұмыс дәптерлерінің форматына, мұқабасы мен негізгі бетін безендіруге қойылатын талаптардың сақталуы, электронды қосымша (GR код) және т.б. болуымен маңызды. Сонымен қатар оқулықтың рәсімделуінде ұлттық колоритпен бірге оқу тілі еліміздің барлық аймақтарына икемділігі, ұғынықты және ғылыми терминдер мен жаңа ұғымдарды қолданудағы жасанды интеллектінің рөлі туралы жан-жақты сипатталған.

Монографияда қазақ оқулығының жасалу тарихы мен дидактикалық талаптары туралы маңызды ақпарат берілген. Ғылыми еңбек сарапшыларға, профессор-оқытушылар құрамына, ғалымдар мен білім беру мекемесінің қызметкерлеріне арналған.

Абай ДҮЙСЕНБАЕВ,
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті, п.ғ.к.

Жыл соңында елімізде дәстүрлі түрде өтетін «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» республикалық акциясы болып өтті. Аталған акция БҰҰ бастамасымен бүкіл әлем бойынша қолдау тауып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған.

Құқықтық жауапкершілік туралы кеңес берілді



ҚазҰУ-дың студенттік қалашық қызметкерлері Алматы қаласының Бостандық аудандық полиция басқармасы қызметкерлерімен бірге акция аясында қоғамда зорлық-зомбылыққа қарсы нөлдік төзімділік қағидатын қалыптастыру мақсатында бірқатар кешенді профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырды.

Атап айтқанда білім беру ұйымдарында, студенттер үйлерінде, халыққа қызмет көрсету орындарында, сауда және ойын-сауық орталықтарында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Азаматтарға ақпараттық жадынамалар таратылып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың салдары мен құқықтық жауапкершілігі туралы кеңес берілді. Сонымен қатар әлеуметтік желі мен БАҚ арқылы ақпараттық-

түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған материалдар жарияланды.

Акция шеңберінде әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, оларға құқықтық және психологиялық көмек көрсету, сондай-ақ отбасы институтын нығайту мәселелері басты назарда болды.

Абдықахар СЕЙТЖАНОВ,
ҚазҰУ студенттік қалашығының директоры

Алина ҚОЖАХМЕТ,
Алматы қаласы Бостандық ауданы ПБ Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің аға инспекторы, полиция капитаны

Еңбек нарығына арналған ашық сабақ

пасын жақсартып қана қоймай, қоғамның әлеуметтік теңдігін нығайтып, тұрақты экономикалық дамуға жол ашатынына тоқталдым. Сондай-ақ Қазақстандағы экономикалық даму стратегиялары, жас кәсіпкерлікті қолдау мен инновацияларды енгізудің маңызы туралы нақты мысалдар келтірдім.

Іс-шара пікірталас және ашық сұхбат форматында өтті. Студенттер белсенділік танытып, өз ой-пікірлері мен тәжірибелерін ортаға салды. Олар еңбек мәдениетін қалыптастырудың, кәсіби дағдыларды дамытудың және қоғамның экономикалық өсуіне үлес қосудың маңыздылығын атап өтті.

Тәрбие сағатының қорытындысы ретінде қатысушылар



ТДМ-8 – «Лайықты жұмыс және экономикалық өсу» бағытының қазіргі замандағы өзектілігін ерекшелігіне тоқталды. Әрбір азаматтың адал еңбегі мен



жауапкершілігі тұрақты дамудың басты тірегі деген ортақ пікірге келді.

Ашық сабақ жастардың еңбекке деген құлшынысын

арттырып, жауапкершілік пен кәсіби дамуға ұмтылысын нығайтуға ықпал етті. Мұндай тәрбиелік мәні жоғары шаралар студенттердің болашаққа сеніммен қадам басуына және елдің экономикалық өркендеуіне өз үлесін қосуға серпін береді. Сабақ соңында Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасының меңгерушісі м.а. Сәуле Маусымбекова сөз алып, іс-шараның маңызын атап өтті. Ол ТДМ-8 – «Лайықты жұмыс және экономикалық өсу» мақсаты аясында мұндай кездесулердің жастарды еңбекқорлыққа, табандылыққа және кәсіби дамуға баулитынын айтып, студенттерді елдің өркендеуіне үлес қосуға шақырды.

Мағира ҚҰЛБАЙ,
PhD, аға оқытушы

Гүлсезім ЖҮСІПОВА,
магистрант

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

Тапсырыс №169

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.